



**Қызылорда облыстық білім басқармасының
Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
№94 Келешек мектеп
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» және «Жас Қыран»
балалар мен жасөспірімдер ұйымының 7 бағыты бойынша жасалған жылдық
Ж О С П А Р Ы**

2025-2026 оқу жылы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№ 94 ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СРЕДНЯЯ ШКОЛА № 94» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО КАЗАЛИНСКОМУ
РАЙОНУ» УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ
«02» қыркүйек 2025 ж.г.
Жанқожа батыр ауылы

ПРИКАЗ
№ 111
Село Жанқожа батыра

**«Жас Ұлан», «Жас Қыран»
ұйымдарын құру туралы**

2025-2026 оқу жылында мектепте жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, отан тарихына жауапкершілікпен қарау, жұмыстарын жүргізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында «Жас Қыран» 1-4 сыныптар, «Жас Ұлан» 5-11 сыныптар аралығында жүргізілетін іс-шараларын құру.

2. Ұрпақтар сабақтастығымен «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымының дәстүрлерін сақтау, ұйымның негізгі мақсатымен міндетін жүзеге асыру туралы бақылауды мектеп тәлімгері Еришова Жанар Панабековнаға жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары А.Тулебаеваға жүктелсін.

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ



А.САДИРОВ



Кошарма ұлас



«БЕКІТЕМІН»

№ 94 мектеп директоры:

А.Садиров

«КЕЛІСЕМІН»

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

А.Түлебаева

29.08.2025

2025-2026 оқу жылына жоспар

Мақсаты: «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде жандандыру арқылы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастыру, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу.

«Жас Ұлан» ұйымының жұмысы тұлғаны жан-жақты дамытуға, қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершілікті сезінуге, патриоттық сананы қалыптастыруға, адамгершілік бағдарларды нығайтуға және Қазақстанның мәдени мұрасына құрметпен қарауға бағытталған «Адал Азамат» бірыңғай тәрбиелік бағдарламасы негізінде жүргізіледі.

«Жас Ұлан» ұйымы қызметінің бағыттары:

1. Отан – елің, жерің құндылықтарын сүю, қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыру бағыты;
2. Зерде – интеллектуалдық даму, саналы түрде алдына нақты мақсат қою, оған жете білу, жобалар жасап, жүзеге асыруға жетелеу бағыты;
3. Руханият – оқушыларды жоғары-рухани адамгершілік құндылықтар, гуманистік, көркем –эстетикалық қасиеттерге тәрбиелеу, волонтерлік қызметті дамыту бағыты;
4. Салауат – салауатты өмір салтын ұстануға, спортпен шұғылдануға бағыт беру, дене шынықтыру мәдениеті мен психикалық денсаулығын қалыптастыру бағыты;
5. Еңбек –мектеп қабырғасынан кәсіби мамандыққа бағдар беру, кәсіби үйірмелерде жұмысқа тарту, еңбекке деген құрметті сіңіру бағыты;
6. Экоалем – қоршаған ортаны аялауға, жан-жануарларға қорған болуға, экологияны жақсартуға бағытталған жобалар жасауға баулитын бағыт;
7. Жеті жарғы – құқықтық мәдениетті қалыптастыру, жас азаматтарға өздерінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге арналған бағыт.

Барлық іс-шаралар туралы ақпарат, афишалар мен ережелер «Жас Ұлан» ұйымының ресми әлеуметтік желідегі аккаунттарында жарияланады: @jasulan_qz (негізгі парақша) @jasulan_team(Республикалық волонтерлік штабтың парақшасы).

Біртұтас тәрбие бағдарлама мазмұны:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз –тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

№	Іс-шара	Қысқаша сипаттама	«Жас Ұлан» бағыты	«Біртұтас тәрбие» бағыты	Іске асыру мерзімі	Жауапты
ҰЙЫМДАСТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ						
1	Менің жазғы демалысым	Жас ұландардың жазғы демалыс күнінен естелік видеоролик	Зерде	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	Қыркүйек	Ж.Еришова
2	«Көшбасшылар әлемі» «Жас ұланның SMART» дәптері	Көшбасшылар отырысы Жаңа жобаны іске асыру	Зерде	Бірлік және ынтымақ	Қыркүйек	Ж.Еришова
3	«Қалдырған ізін мәңгілік» челлендж 1. «Менің сүйікті ұстазым» атты ұстаздар мерекелік қоржыннан хаттар тарату, құттықтаулар жолдау	Жас Ұландардың мерекелік құттықтауы. Ұстаздарға арнап ашық хаттар тарату	Зерде	Бірлік және ынтымақ	Қазан	Ж.Еришова Ұйымдастырушы педагог
4	«Қуаныш сыйлайық» «Қамқор» жобасы	Қарттарға мерекелік шара ұйымдастыру, құрмет көрсету. Ашық хаттар ұсыну	Отан		Қазан	Жас ұлан ұйымы
5	Мектеп-Ұланбасын сайлау, «Жас Ұлан» мектеп комитетін құру	Мектеп Ұланбасын сайлауды ұйымдастыру және өткізу. «Жас Ұлан» мектеп комитетін қалыптастыру	Отан	Тәуелсіздік және отаншылдық	Қыркүйек Қазан	Ж.Еришова «Жас Ұлан» ұйымы
6	«Ұланымыз ұлы елдің» «Жас Ұлан» ұйымының қатарына жаңа мүшелерді қабылдау	2-11 сынып оқушылары арасынан «Жас Ұлан» ұйымының жаңа мүшелерін салтанатты түрде қабылдау рәсімі #Республика күні #Жасұлан хэштегімен	Отан	Тәуелсіздік және отаншылдық	25 қазан 1 мамыр 6 шілде	Ж.Еришова «Жас Ұлан» ұйымы
7	«Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін» ұланбасылардың байқауы	Атқарылған шаралардың қорытындысымен ай сайын үздік ұланбасыны анықтау, мектептердегі Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған шаралардың іске асырылуын, нәтижесін шығарып отыру. Мектепте ай сайын қорытындылап отыру. Ай сайын шығарылған рейтинг, мониторингта үздік көр сеткіштер көрсету. Ұйымның барлық шараларын насихаттау. Ай сайын желіде атқарылған шаралардың бейнеролгін жариялау.	Зерде	Ай сайын мектеп ұланбасылары	Қазан	Тәлімгер
8	«Ұлағатты Ұландар» эл. құрмет тақтасы	Жас ұлан ұйымының жұмыс бағыттары бойынша белсенді кітапқұмар ұландарды эл. Құрмет тақтасына шығару. Мектеп теледидарында үзілістерде насихаттау.	Отан	Тәуелсіздік және отаншылдық	Тоқсан сайын (2-11 сынып)	Тәлімгер

БАҒЫТТАР БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР

9	«JAS VOLUNTEER» волонтерлерді оқытуға, құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал жасау	«JAS VOLUNTEER» бағдарламасы – волонтерлік қызметке алғашқы қадам жасап жүрген оқушыларға арналған. Бағдарлама жасөспірімдерде белсенді, азаматтық ұстанымды, командалық жұмыс дағдыларын, сондай-ақ өз құқықтары мен міндеттерін түсінуді қалыптастыруға бағытталған.	Еңбек Жеті жарғы	Тәуелсіздік және отаншылдық	Қыркүйек Қараша Ақпан Наурыз	Аудандық, өңірлік үйлестірушілер
10	«Көңілді үзіліс» Мектепте үзілістер арасында ұйымдастырылатын шаралар бейнеролигін жариялау (2-11 сынып)	Мектеп тәлімгерінің сабақ арасындағы үлкен үзілісте балаларға пайдалы шаралар ұйымдастыру. Қимыл – қозғалыс ойындары мен спорттық ойындар өткізу (еркіне қарай). Балалардың көңіл-күйін көтеру. «Жиырма минут кітап оқы» акциясын өткізу. «Жастардың оқуға құштар күздіреттілігін дамыту».	Салауат		Ай сайын	Ж. Еришова Сынып жетекшілер
11	А. Құнабайұлы 180 жылдығына арналған байқау	Челлендждің мақсаты – жастар арасында Абай мұрасын кеңінен насихаттау, гуманизм, әділеттілік және білім құндылықтарын дамыту. Сондай – ақ оқушыларды Қазақстанның рухани- мәдени байлығын сақтау мен ілгерілетуге тарту. Қатысушыларға қысқа бейнеролик түсіріп, оны инстаграм желісінде #Abay 180murasy хэштегімен жариялау ұсынылады. Бейнероликте оқушылар - Абай өлеңдерін оқи алады; - Қара сөздерінен ой бөлісе алады	Отан	Тәуелсіздік және отаншылдық	Қыркүйек	Ж. Еришова
12	«Қуат алып Абайдың өң ісінен» тоғызқұмалақ ойымынан сайыс #асылсөздіздесен #абайдыоқыжасулан	Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағыттау шараларын ұйымдастыру. Ұлттық ойындарды насихаттау арқылы үздіктерді анықтау. Балалар арасында «Тоғызқұмалақ» ойындарын дамыту. Ұлттық ойындар күнін ұйымдастыру	Зерде Салауат	Тәуелсіздік және отаншылдық	Қыркүйек	Ж. Еришова
13	«Тұлпар мініп, ту алған» Акция #асылсөздіздесен #абайдыоқыжасулан	Жатқа оқу акциясын жалғастыру. Сыныптағы балаларды толық қамтуға ат салысу. Абай өлеңдерін жаттау арқылы «Трендте кітап оқу», «20 минут кітап» жобаларын іске асыру. Отбасымен кітап оқуға дағдыландыру. Мектеп тәлімгерімен бірге челленджде қатысу.	Зерде	Бірлік және ынтымақ	Қыркүйек - желтоқсан	Ж. Еришова
14	«Оқуға құштар ұлан» акция Оқыған кітаптары бойынша желіде бейнеролик (30-45 сек) жариялау, (2-11 сынып)	«Отбасымен кітап оқу», «Тәлімгермен бірге оқыдым» жобалары дағдыларын қалыптастыру шараларын ұйымдастыру.	Руханият		Ай сайын	Ж. Еришова Сынып жетекшілер
15	«Әкем үйреткен»	Отбасы өнегесін түсіндіру бойынша іс-шаралар,	Руханият		Ай сайын	Сынып

	Атқарылған шаралар бойынша желіде бейнеролик (2 мин) жариялау (2-11 сынып)	әке тәрбиесінің мектебін кітап оқу дағдылары арқылы қалыптастыру. Әкемен оқимын, әкем оқыған бір кітап, әкем ұсынған кітап, әке мұрасы тақырыптары бойынша түрлі әдебиетті әкесімен бірге оқуды дамыту. Үй кітапханасын насихаттау. Әке өнегесін үйрену.				жетекшілер
16	Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған «Күй керуені» флешмобы	Қазақстанның барлық өңірінде жастар халық күйлерін орындай отырып, музыкалық флешмоб өткізеді. Мақсаты-Н.Тілендиевтің шығармашылығын насихаттау, ұлттық музыкалық мұраны сақтау мен ілгерілету, жас ұрпақ арасында мәдени бірегейлік пен бірлікті нығайту.	Отан	Тәуелсіздік және отаншылдық	Қазан	Ж.Еришова Музыкапәні мұғалімдері
17	«Жомарттық мекені» Қайырымдылық акциясы	Балалардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту, өздерінен ауысқан ойыншықтар мен кітаптарын достарына сыйға тарту.	Руханият	Тәуелсіздік және отаншылдық	Қазан	Жас Ұлан ұйымы
18	Музей сағаты Музей сағатының роликтерін желіде жариялау	Жергілікті музейлер мен ынтымақтастықта музей сағаттары мен ойын сабақтар ұйымдастыру.	Еңбек	Тәуелсіздік және отаншылдық	Қазан	Ж.Еришова Жас Ұлан ұйымы Сынып жетекшілер
19	Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналған «Оян қазақ» фильмін көрсету Ақылды бейсенбі	Мақсаты: М.Дулатұлының идеялары мен мұрасын насихаттау, жастарда ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру, сондай-ақ кең аудиторияны оның еңбектерінің тарихы мен мағызына жақындату.	Отан	Тәуелсіздік және отаншылдық	Қазан	Ж.Еришова
20	«Адал Дос-Шын Дос» Акция. Мектепте инклюзивті сыныптағы балалармен ұйымдастырылатын шаралар бейнеролигін жариялау	Мектеп тәлімгерлерінің әрбір мектептегі инклюзивті сыныптағы балаларды шефтік көмекке алуы. Олармен бірге шаралар өткізу. Ерекше қабілеттегі достарға кедергісіз кеңістік орнату бағытында кітаптарды бірге оқу. (8-10 сынып)	Руханият	Ай сайын	Ай сайын	Ж.Еришова Сынып жетекшілер Педагог психолог
21	Б.Момышұлының 115 жылдығына арналған зияткерлік ойын Ақылды бейсенбі	«Ерлік сабақтары» аясында батырдың өмір жолы мен ерліктеріне арналған ашық дәрістер мен арнайы сабақтар өткізіледі. Мақсаты: өскелең ұрпаққа патриоттық сезімді дарыту, тарихи мұра мен жауынгерлік ерлікке құрмет көрсету. Б.Момышұлының қаһармандық тұлғасын үлгі ете отырып рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.	Отан	Тәуелсіздік және отаншылдық	Қазан	Ж.Еришова
22	Қазақ киносының 100 жылдығына арналған зияткерлік ойын	Оқушылардың отандық кино тарихы жөніндегі білімдерін кеңейтуге бағытталған зияткерлік ойындар. Оқушылар қазақ киносы туралы жана мағлұматтар алып, Өз эрудициясы мен шығармашылық қабілеттерін көрсетіп, ұлттық мәдени мұраны сақтау мен насихаттауға үлес қоса алады.	Руханият	Әділдік және жауапкершілік	Қараша	Ж.Еришова

23	Ш.Уалихановтың 190 жылдығына арналған «Шоқан экспедициясы» тарихи квесті Ақылды бейсенбі	Жастарға арналған бұл шара қызықты ойын форматында өткізіледі және тарихи орындарға баруды қамтиды. Квест барысында қатысушылар Ш.Уалихановтың зерттеулері мен жаңалықтарымен танысып, оның ғылыми әрі мәдени мұрасына интерактивті түрде қанығады.	Зерде	Әділдік және жауапкершілік айы	Қараша	Ж.Еришова
24	«Абай, Пушкин, Гете» Викторина #асылсөздіздесен #абайдыоқыжасұлан	Ұлылардың рухани үндестігін түсіндірі.Білімдерін кеңейту. Топ болып ізденуге дағдыландыру	Зерде	Әділдік және жауапкершілік	Қараша	Ж.Еришова
25	«Кітап оқып, трендте бол, Жас Ұлан» кітапқұмарлар форумы	Кітапқұмар балаларды насихаттау.Шараға белсене араласқан ұйым белсенділері мен тәлімгерлердің қорытынды шарасы.	Руханият	Әділдік және жауапкершілік	Қараша	Ж.Еришова
26	«Тәлімгер-2025»облыстық байқау	Жыл қорытындысы бойынша үздіктерді анықтау		бірлік және ынтымақ айы	Желтоқсан	Ж.Еришова
27	ЮНЕСКО-ның 80 жылдығына арналған пікірталас алаңы	Білім, ғылым және мәдениетті дамытудағы ЮНЕСКО-ның ролін, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесін талқылау. Пікірталас алаңында жастар мен сарапшылар ұйымның Қазақстан мен жалпы әлем үшін маңызын, жаһандық сын-қатерлерді және оларды шешу жолдарын талқылай алады.	Отан	Заң және тәртіп	Қаңтар	Ж.Еришова
28	«STAND UP» Абайдың мотивациялық сөздерін ұсыну(8-11 сынып тәлімгерлер) #асылсөздіздесен #абайдыоқыжасұлан	Мектепте сөзсауаттылығының әліппесін үйрету, ақпараттық сауатты ұрпақ қалыптастыру. Журналистика мамандығын таңдайтын оқушыларға кәсіби бағдар беру. Мектеп тынысынан ақпар беруге дағдыландырып, жас журналистердің, сауатты блогерлердің шоғырын қалыптастыру. Мектеп тәлімгері мен 8-11 сынып оқушыларынан құралған белсенді кітап құмарларды ай сайын тыңдармандармен кездестіру.	Жеті жарғы	Заң және тәртіп	Ай сайын	«Жас Ұлан» ұйымы
29	Қазақ хандығының 560 жылдығына арналған тарихи конкурс	Жастар арасында Қазақстан тарихы мен мәдени мұрасын насихаттауға бағытталған. Зияткерлік конкурс форматында қатысушылар Қазақ хандығы кезеңіндегі маңызды оқиғалар, тұлғалар мен жетістіктер жөніндегі білімдерін сынайды. Конкурстың мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында патриотизмді нығайту, ұлттық тарихқа қызығушылықты арттыру және тарихи ойлау қабілеттерін дамыту.	Отан Жеті жарғы	Жасампаздық және жаңашылдық Тәуелсіздік және отаншылдық	Ақпан	Ж.Еришова
30	Әлихан Бөкейханұлының 160 жылдығына арналған зияткерлік	Алаш Орда көсемі, қоғам және мемлекет қайраткері Ә. Бөкейханұлының идеялары мен	Отан	Жасампаздық және	Ақпан	Ж.Еришова

	конкурс Ақылды бейсенбі	мұрасын насихаттау. Зияткерлік конкурс форматында қатысушылар Бөкейханұлының өмірі мен қызметі, оның Қазақстан тарихындағы және ұлттық сананы дамытудағы ролі туралы білімдерін сынайды. Жастардың бойында патриотизмді тәрбиелеу, Қазақстан тарихына қызығушылықты арттыру аналитикалық ойлау қабілетін дамыту және елдің көрнекті тұлғаларына құрмет сезімін қалыптастыру.		жаңашылдық		
31	«Наурыз поштасы»	Қарттар мен үйден оқитын балаларды, үлкен кісілер мен достарын ашық хаттармен құттықтау Құттықтау жобасы 5-8 сыныптар			Наурыз	Тәлімгер Ұйым мүшелері
32	«Жұбанов мұрасы – ұрпақ жадында» челленджі (Тик-ток және инстаграм	Жастар Ахмет Жұбановтың шығармаларын орындап өз өнерін әлеуметтік желілерде #Жұбанов120 хэштегімен бөліседі. Мақсаты- жас ұрпақтың назарын А.Жұбановтың шығармашылығына аудару, ұлттық музыкалық мұраны сақтау және насихаттау, мәдени құндылықтарды ілгерілету үшін заманауи цифрлық платформаларды пайдалану.	Отан	Тәуелсіздік және отаншылдық	Наурыз	Ж.Еришова
33	«Менің жас ұлан ұйымымдағы қызықты сәттер»	Фото-сурет көрмесі 5-8 сыныптар	Отан		Сәуір	Ж.Еришова
34	«Jas Ulan Team» волонтерлік қозғалысын дамыту	Мектептегі «Jas Ulan Team» волонтерлік қозғалыстарының жұмысын жандандыру	Еңбек	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	Сәуір Жыл бойы	Ж.Еришова «Асар» еріктілер клубы
35	«Тамшы» экологиялық жобасы – балалар мен жастар арасында экологиялық жауапкершілік мінез-құлқын қалыптастыру.	«Тамшы» - суды ең маңызды табиғи ресурс ретінде қарастыра отырып, балалар мен жастардың экологиялық жауапты мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған экологиялық жоба. Жоба бірнеше интерактивті форматтарлы қамтиды: конкурстар, акциялар, чемпионаттар. Мақсаты-жас ұрпаққа суға ұқыпты қарауды тәрбиелеу, оның адам өмірі мен табиғат үшін құндылығы мен маңыздылығын көрсету, балалар мен жастарды практикалық экологиялық қызметке тарту.	Экоалем	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік	Сәуір Жыл бойы	Ж.Еришова «Асар» еріктілер клубы
36	Балалар мен жастар арасында нашакорлықтың алдын-алу және оған қарсы іс-шаралар	Нашакорлықтың алдын-алу және оған қарсы іс-шаралар балалар мен жастарда салауатты өмір салтын және берік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама аясында мамандармен дәрістер мен тренингтер, спорттық	Салауат	Заң және тәртіп	Мамыр Жыл бойы	Ж.Еришова

		турнирлер мен «СӨС» акциялары, шығармашылық конкурстар және ақпараттық ағартушылық компаниялар өткізіледі.				
АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫС						
37	«Жас Ұлан» ұйымының ресми әлеуметтік желідегі парақшаларын дамыту	Оқушылардың ата-аналардың және аға тәлімгерлердің «Жас Ұлан» ұйымының ресми әлеуметтік желідегі парақшаларына жатылуын қамтамасыз ету.			Жыл бойы	Тәлімгер
38	Аймақтық және республикалық БАҚ-та материалдар жариялау.	Ұйымның қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихаттау.			Жыл бойы	Тәлімгер

Мектеп тәлімгері: Ж.Еришова